

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі

«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
республикалық
мамандандырылған музыкалық
орта мектеп-интернаты»
Республикалық мемлекеттік
мекемесі

Республиканское государственное
учреждение «Республиканская
средняя специализированная
музыкальная
школа-интернат для одаренных
детей имени Куляш Байсеитовой»

Министерства культуры и спорта
Республики Казахстан

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҚ

ДОЛЖНОСТНАЯ ИНСТРУКЦИЯ

1.03.2021 ж.

дата

Алматы қ.

№ 1

г. Алматы


Бекітемін:

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
республикалық
мамандандырылған музыкалық
орта мектеп-интернаты» РММ
Директоры

Абдрашев Б.Т.

2021 ж. « 1 » 03

ДИРЕКТОРДЫҢ МУЗЫКА ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ

Өзірлеген:			
Директордың музыка жөніндегі орынбасары		Юсупова С.О.	26.02.2021
Келісілген:			
Басшылықтың менеджмент сапасы жөніндегі өкілі		Мусрепова М.С.	26.02.2021
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрайымы		Кошкарбаева А.Р.	26.02.2021
Кадр бөлімінің инспекторы		Касенова Р.С.	26.02.2021
Зангер		Болсамбеков Н.А.	26.02.2021
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2.	БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ.....	3
3.	ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ	4
4.	ҚҰҚЫҚТАРЫ.....	6
5.	ЖАУАПКЕРШІЛІК	6
	ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ	7
	ТАНЫСУ ПАРАҒЫ.....	8

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы лауазымық нұсқаулық ҚР Еңбек Кодексінің талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 Бұйрығымен бекітілген, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі №169 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен, Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының негізінде әзірленді.

2. Осы лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» Республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мектеп) директорының музыка жөніндегі орынбасарының қызметтік міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды.

3. Музыка жөніндегі орынбасар басшылар санатына жатады.

4. Музыка жөніндегі орынбасар Мектеп директорының ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің бұйрығымен лауазымына тағайындалады және босатылады.

5. Музыка жөніндегі орынбасар Мектеп директорына тікелей бағынады.

6. Музыка жөніндегі орынбасар өз жұмысында төмендегілерді басшылыққа алады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілері мәртебесі бар нормативтік құжаттаманы, мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған үлгілік оқу жоспарларын, жоғары тұрған органдардың бұйрықтары мен нұсқаулықтарын;

2) қызмет сапасы менеджменті саласындағы стандарттарды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін және Мектепте енгізілген басқа да жүйелерді;

3) Мектеп қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды;

4) Осы лауазымдық нұсқаулықты.

7. Музыка жөніндегі орынбасар болмаған жағдайда (еңбек демалысы, сырқаттануы және т.б.) оның міндеттерін өкімдік құжатымен тағайындалатын маман атқарады, ол тиісті құқықтарды иеленеді және өзіне жүктелген міндеттерді сапалы және дер кезінде орындауға жауапты болады.

2. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

1. Музыка жөніндегі орынбасар лауазымына жоғары және тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық, немесе өзге де кәсіптік білімі, немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткенін растайтын құжаты, педагогикалық өтілі бар және басшы қызметін кем дегенде 5 жыл атқарған тұлға тағайындалады.

2. Оқытушылық қызметті жүзеге асыру кезінде – қосымша «педагог – сарапшы» немесе «педагог – зерттеуші» немесе «педагог – мастер» санаты болуы тиіс.

3. Музыка жөніндегі орынбасар төмендегілерді білуге міндетті:

Лауазымдық нұсқаулық	Директордың музыка жөніндегі орынбасары
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	8-нан 3 бет

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын;
2) Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін;
3) Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарын және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді;

4) Педагогикалық, ғылыми-әдістемелік және ұйымдастыру-басқарушылық міндеттерді шешу үшін қажетті көлемде жалпы теориялық пәндер негіздерін, педагогика, психология және жас ерекшеліктері физиологиясын, мектеп гигиенасын;

5) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, үлгілік оқу бағдарламаларын, үлгілік оқу жоспарларын;

6) педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін;

7) менеджмент, қаржы-шаруашылық қызмет негіздерін;

8) қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау ережелерін, санитариялық қағидалар мен нормаларды.

4. Музыка жөніндегі орынбасардың төмендегі жеке тұлғалық қасиеттері мен кәсіби құзыреттіктері болуы тиіс:

1) ұйымдастырушылық қабілеттері, көшбасшылық қасиеттері, жауапкершілік, елгезектік, қызметтік ынтасы, командада жұмыс істей білуі;

2) жүйелі, аналитикалық, креативтік ойлау қабілеті;

3) кең ой-өрісі, жалпы орта білім беру саласындағы ең жаңа білімдері;

4) мақсатты тұжырымдау, талдау және проблемаларды шешу қабілеттері;

5) ақпараттық-коммуникациялық құзыреттіктері;

6) ұйымдастырушылық-іс-әрекет құзыреті;

7) әдістемелік және инновациялық құзыреттіктері;

8) әлеуметтік-мәдени құзыреттіктері;

9) әлеуметтік-серіктестік құзыреттіктері;

10) экономикалық және құқықтық құзыреттіктері.

3. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕР

1. Музыка жөніндегі орынбасар оқу-тәрбие процессін ұйымдастырады және Мектептің музыка бөлімінде әдістемелік басқаруды жүзеге асырады.

2. Жұмыс оқу жоспарының, арнайы және музыкалық-теориялық пәндер бойынша бағдарламалардың орындалуына бақылау жүргізеді. Оқушылардың жеке оқу жоспарларының орындалуын бақылайды.

3. Оқу жүктемесін бөледі, музыка бөлімі педагогтерінің сабақ кестесін құрады.

4. Білім алушылардың білім сапасына, үлгеріміне және кәсіптік даярлығы нәтижелерін бағалаудың объективтілігіне жүйелі бақылауды жүзеге асырады.

5. Мектеп педагогтері мен концертмейстерлері өткізетін сабақтарға, техникалық сынақтарға, академиялық емтихандарға қатысады, олардың

Лауазымдық нұсқаулық	Директордың музыка жөніндегі орынбасары
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОИ» РММ»	8-нан 4 бет

формасы мен мазмұнын талдайды, талдау нәтижелерін педагогтердің және мектеп дирекциясының назарына жеткізеді.

6. Директор бекіткен циклограмма бойынша музыка бөлімінің жұмысына, оқу сабақтарының өткізілуіне, ұжымдық сыныптардың: оркестерлер мен ансамбльдардың сабақтарға қатысуына бақылау жүргізеді.

7. Білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттауына дайындық жүргізу және өткізу бойынша жұмысты ұйымдастырады. Техникалық сынақтарды, академиялық емтихандарды ұйымдастырып өткізуге бақылау жүргізеді.

8. Оқу және факультативтік сабақтардың кестесін әзірлейді, уақытша болмаған педагогтер мен концертмейстерлерді сапалы және дер кезінде ауыстыруды қамтамасыз етеді, өтпеген және ауыстырылған сабақтарды есепке алу журналын жүргізеді.

9. Уәкілетті органдарға белгіленген есеп құжаттамасын дер кезінде әзірлеуді қамтамасыз етеді, педагогтердің журналдар мен басқа да құжаттаманы дұрыс және уактылы жүргізуін бақылайды.

10. Мектеп-интернат оқушыларының халықаралық, республикалық және өңірлік музыкалық конкурстарға, фестивальдарға және басқа да іс-шараларға қатысуын ұйымдастырады.

11. Музыка бөлімінде педагогтер мен концертмейстерлердің: озық педагогикалық тәжірибесін қорыту және тарату, оқу-тәрбие процессіне инновациялық технологияларды енгізу бойынша қызметін үйлестіреді.

12. Бөлім меңгерушілерінің жұмысын үйлестіреді, жалпы әдістемелік жетекшілік етуді жүзеге асырады, біліктілік арттыруды ұйымдастырып жүзеге асырады, музыка пәндері бойынша педагогтер тағайындауға қатысады, аттестаттаудан өтуді ұйымдастырады.

13. Білім беру процессін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді, мектептің педагогикалық кеңесінің жұмысына қатысады, күн тәртібіне ұсыныстар енгізеді және педагогикалық кеңестердің материалдарын дайындайды.

14. Оқу кабинеттерін музыка аспаптарымен, заманауи жабдықтармен, көрнекілік құралдармен және техникалық оқу құралдарымен жарақтау, кітапхананы оқу-әдістемелік және ноталық әдебиетпен толықтыру бойынша жұмысты жоспарлайды.

15. Компьютерлік сауаты, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігі бар. Түрлі білім беру порталдарын, платформаларын, оқу бағдарламаларын (Zoom, Microsoft Teams, Class Room, WhatsApp, Skype және т.б.) пайдаланып, онлайн және қашықтық форматында жұмыс істей білуі тиіс.

16. Музыкаға дарынды балаларды оқыту, білім сапасы, оқушылардың үлгерімі мәселелері бойынша ата-аналардың жиналыстарына қатысады.

17. Білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтер және басқа да қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдылық принциптерін сіңіреді.

Лауазымдық нұсқаулық	Директордың музыка жөніндегі орынбасары
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	8-нан 5 бет

18. Мектепте, тұрмыста, қоғамдық орындарда педагогтің және Мектеп әкімшілігі өкілінің мәртебесіне сай келетін мінез-құлықтың әдеп нормаларын сақтайды.

4. ҚҰҚЫҚТАРЫ

1. Музыка жөніндегі орынбасардың мынадай құқықтары бар:
 - 1) кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;
 - 2) өзінің кәсіби қызметіне және Мектептің музыка бөлімінің оқу-тәрбие қызметіне қатысты басшылық шешімдерінің жобаларымен танысуға;
 - 3) кәсіби қызметіне баға берілген шағымдармен және басқа да құжаттармен танысуға, оларға түсіндірме беруге;
 - 4) Мектептің музыкалық жұмысын жетілдіру бойынша басшылықтың қарауына ұсыныстар енгізуге;
 - 5) құрылымдық бөлімдер басшыларынан және мамандардан лауазымдық міндеттері мен құқықтарын орындау үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды алуға;
 - 6) өзіне жүктелген міндеттерді шешу үшін құрылымдық бөлімдердің мамандарын тартуға (егер ол құрылымдық бөлімдер туралы ережелерде көзделсе, егер жоқ болса – басшының рұқсатымен);
 - 7) Мектеп директоры алдында өзінің құқықтары мен міндеттерін орындауға қолдау көрсету туралы өтініш жасауға;
 - 8) комиссиялардың құрамына кіруге және Мектептің музыкалық қызметі мен ішкі тәртіптеме қағидаларын орындауға байланысты мәселелерді шешу бойынша олардың жұмысына қатысуға;
 - 9) музыка бөлімінің білім алушылары мен мұғалімдерін көтермелеу туралы ұсыныстар енгізуге;
 - 10) қолданыстағы заңнама шегінде музыка бөлімінің мұғалімдеріне тәртіптік шара қолдану бойынша ұсыныстар енгізуге;
 - 11) педагог кадрлардың мәселелерін реттеу бойынша ұсыныстар енгізуге;
 - 12) өз құзыреті шегінде басқа ұйымдарда Мектеп мүдделерінің өкілі болуға және оны жүзеге асыруға;
 - 13) Мектеп ішінде және одан тыс жерлерде оқу, шығармашылық және ғылыми жұмысты қоса атқарғанда өз міндеттерін орындауға құқығы бар;
2. Музыка жөніндегі орынбасардың Қазақстан Республикасының Конституциясына және Еңбек заңнамасына сәйкес құқықтары бар.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

1. Музыка жөніндегі орынбасар Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде белгіленген шекте келесі жағдайда тәртіптік жауапты болады:
 - 1) лауазымдық міндеттеріне сәйкес жұмыстарды сапасыз орындағаны үшін;
 - 2) өзіне берілген құқықтарды теріс пайдаланғаны үшін;
 - 3) жоспарлы міндеттерді орындамағаны үшін;
 - 4) сапалы менеджмент саласындағы міндеттемелер және ішкі нормативтік құжаттама талаптары өзіне жүктелген функцияларға және білім беру процессі үшін жауапкершілікке қатысты бөлігінде сақталмағаны үшін;

Лауазымдық нұсқаулық	Директордың музыка жөніндегі орынбасары
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	
8-нан 6 бет	

5) мектептің ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларын, еңбек тәртібі мен субординация сақтамағаны үшін;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамаларда белгіленген шекте өз қызметін жүзеге асыру процессінде жасалған құқық бұзушылықтар үшін.

2. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіпте музыка жөніндегі орынбасар коммерциялық, техникалық және қызметтік құпияны сақтау үшін жауапты.

3. Тәртіптік, материалдық және қылмыстық жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Тіркеу нөмірі	Тіркеу күні	Өзгерістер	Қолы
1	2	3	4